

"Шар станциясы - Өскемен" жаңа темір жол желісін салу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қаңтардағы N 21 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығын орындау үшін және мемлекеттің ұтымды көлік желісін қалыптастыру және дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шар станциясы - Өскемен" жаңа темір жол желісін салу туралы "Қазақстанның инвестициялық қоры" акционерлік қоғамының ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі "Шар станциясы - Өскемен" жаңа темір жол желісін салу жобасын іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған "Шар станциясы - Өскемен" жаңа темір жол желісін салу жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

4. Орталық атқарушы органдар мен ведомстволар, сондай-ақ өзге де мүдделі мемлекеттік органдар (келісім бойынша) және ұйымдар (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 18 қаңтардағы
N 21 қаулысымен

бекітілген

"Шар станциясы - Өскемен" жаңа темір жол желісін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындау үшін жауап- тылар*	Аяқтау мерзім- дері
1	2	3	4	5
1	Концессионер компанияның жарғылық капиталын құру	Қазақстан Республи-	"ҚИК" АҚ (келісім бойынша), ӘдМ, ҚНРА	2005 жылғы қаңтар

	мен құрылымдау және акционерлерді тарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру	касының Үкіметіне ақпарат	(келісім бойынша)	
2	"Шар станциясы - Өскемен" темір жол желісін салу жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірледі, қайта сараптау мен қайта бекітуді ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	"ҚИҚ" АҚ (келісім бойынша), концессионер компания, ККМ	2005 жылғы наурыз
3	"Шар станциясы - Өскемен" темір жол желісін салу мен пайдалануға арналған концессиялық келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ККМ, ӘДМ, "ҚИҚ" АҚ (келісім бойынша), концессионер компания	2005 жылғы сәуір
4	Құқықтық базаны қалыптастыру бойынша инфрақұрылымдық жобаларды және концессиялық шарттарды іске асыру бөлігінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	"ҚИҚ" АҚ (келісім бойынша), ККМ	2005 жылғы ақпан
5	Концессиялық шарт негізінде жұмыс істейтін инфрақұрылымды пайдаланғаны үшін инвестициялық тариф туралы ережені әзірлеу	Ведомстволық нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	К К М , "ҚИҚ" АҚ (келісім бойынша)	2005 жылғы наурыз
6	Облигацияларды шығару және бірінші кезекте жинақтаушы зейнетақы қорларының арасында, сондай-ақ өзге де институционалдық инвесторлар арасында орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қ Н Р А (келісім бойынша), "ҚИҚ" АҚ (келісім бойынша), концессионер компания	2005 жылғы мамыр
7	Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Ведомстволық нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	Қ Н Р А (келісім бойынша), "ҚИҚ" АҚ (келісім бойынша)	2005 жылғы мамыр

8	Зейнетақы инвестициялық жүзеге асыратын арналған нормативтер ережесіне мен толықтырулар енгізу	активтерін басқару ұйымдарға пруденциялық ережесіне өзгерістер	Ведомстволық нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	Қ Н Р А (келісім бойынша), "ҚИҚ" АҚ (келісім бойынша)
---	--	--	---	--

				жылғы мамыр
9	"ҚҚБ" ЖАҚ листингтік ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Ведомстволық нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	Қ Н Р А (келісім бойынша), "ҚҚБ" ЖАҚ (келісім бойынша), "ҚИҚ" АҚ (келісім бойынша)	2005 жылғы мамыр
10	"Шар станциясы - Өскемен" темір жол желісін салу бойынша мердігерлік ұйымдарды анықтауға арналған конкурсты ұйымдастыру және өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Концессионер компания	2005 жылғы мамыр
11	"Шар станциясы - Өскемен" темір жол желісі құрылысының басталуы	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Концессионер компания	2005 жылғы маусым

* Шартты белгілер мен қысқартулар:

"ҚИҚ" АҚ - Қазақстанның инвестициялық қоры" акционерлік қоғамы
 ӘДМ - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
 ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
 ҚНРА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі
 "ҚҚБ" ЖАҚ - "Қазақстанның қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ